

Адамтанушы Абай жанның мәңгілік мекен ететінін, тәннің мәңгілік еместігін сөз еткен. Қазіргі зұлымдық, жамандық, арамдық билеген уақытта жас ұрпақты Абай насихаттаған «жан» құмарлығына тәрбиелеу маңызды. Себебі адам қаншалықты бай болсын, дәулетті болсын, оның басты байлығы – жан дүниесінің байлығы, рухани тазалығы деп білеміз. Абайды оқу – бір бөлек, оны көңілге тоқу – бір бөлек. Жас өркендерді Абайдың «толық адамына», «ар» іліміне сай болатындай етіп тәрбиелеп, олардың бойларына адамгершілікті ұялату керекпіз. Егер де әр адамзат баласы Абай атамның шығармаларын оқып, оны көңілге тоқыса, әлемде бейбітшілік орнар еді. Рухани жаңғыру заманында рухани байып, жаңғыру үшін өз ойшылдарымыздың шығармашылығына бет бұруға тиіспіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Ғылым, 1994. - 336 бет.
2. Абай Құнанбайұлы. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп... Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Раритет, 2008. – 384 б.- "Алтын қор" кітапханасы.
3. Байтұрсынов А. Ақжол. Алматы жалын 1991. - 464 бет.
4. Бәйтенова Н.Ж. «Абай философиясындағы адам мәселесі» // Абай. - 2006, - № 3 (71). – 25 бет.
5. Ысмағұлов Ж. Абай: Даналық дәрістері – Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. – 400 бет.
6. Нұрмұхаметова Қ.Т. «Білім берудің практикалық сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» мақаласы-Қостанай: 2019.-5 бет.

УДК 372.863

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ - ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ НЕГІЗІ

Жетру Нұрзат

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Ғылыми жетекші: Джуматаева А.И.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Аннотация білім беруді ізгілендіру принципіне негіздеу, “оқыту”, “тәрбиелеу”, “тұлғаны қалыптастыру”.

Аннотация основана на принципах гуманизации образования, “обучения”, “воспитания”, “формирования личности”.

Annotation is based on the principle of humanization of education, “teaching”, “education”, “formation of personality”.

Педагогикалық ойлардың даму тарихы ғылымдағы ұғымдар аппараты біріндеп қалыптасқанын және олармен өзара байланыста педагогиканың жаңа ұғымдары пайда болғанын дәлелдейді. Педагогика ғылымында ұғымдардың пайда болу негізінен адамзат қоғамының даму тарихымен тығыз байланысты. Алғашқы адамдардың пайда болуымен бірге үлкендердің өзінен кішілерді үйрету тәжірибесі қалыптасып, ол ұрпақтан-ұрпаққа “оқыту”, “тәрбиелеу” ұғымдары ретінде жетіп отырды.

Педагогика – қазіргі барлық адамзат білімін және оңтайлы педагогикалық жүйені құру үшін адам туралы барлық ғылыми ақпаратты біріктіретін ғылымға айналып отыр.

Зерттеудегі жүйелік тұрғыдан бағдарлау құрылымдық элементтер мен құбылыстардың өзара байланысы, олардың өзара бағыттылығы, сатылық қызмет етуі, жүйе дамуының тұтастығы, даму динамикасы, мәні мен ерекшелігі, факторлары мен шарттары деген сөз.

Оқыту мен тәрбие процесіндегі ұжым мен тұлға дамуындағы қарама-қайшылықтарды анықтау және шешу, ескі мен жаңаның, бала мен ересектің, тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің, мақсат қою мен оны жүзеге асырудың, басқару мен өзін-өзі басқарудың т.б. күресі туралы философиялық ілімнің педагогикалық интеграциясы болып табылады.

- теория мен практиканың байланысы, идеялар мен оны жүзеге асыру, педагогтарды жаңа ғылыми тұжырымдамаларға, жаңа педагогикалық ойларға бағдарлай отырып, әрі ескірген, өзінің күшін жойған педагогикалық теріс көзқарастардан алшақтау.

Әл-Фарабидің педагогикалық ұғымдарға берген анықтамасы қазіргі педагогикада “оқыту” мен “тәрбие” ұғымдарына берген анықтамалармен сабақтасып, өзара байланысып жатады.

Міне қазіргі педагогикадағы “тәрбие” мен “оқытуды” анықтау көрнекті ғалым А.Көбесовтің мына түсініктемесімен нақтыланып, Әл-Фараби идеяларының бүгінгі күнмен үндесіп жатқанын аңғартады: “Фарабидің пайымдауы бойынша оқу-философия негіздерін, теориялық білімдерді игеру ал тәрбие - ол мұғалімнің, тәлімгердің адамға белгілі бір адамгершілік, құлық қалыптарын және практикалық өнерді игеру дағдыларын қалыптастыру бағытындағы іс-әрекеті, ол шәкірттерге белгілі бір оң қасиетті, сапаны дарыту үшін қалай болса солай емес, белгілі бір мақсаттағы көздеген тәрбие жұмысына басты мән береді”.

Әл-Фарабидің мұрасында педагогиканың негізгі ұғымы болып табылатын “білім беру” ұғымы да қарастырылған. “Оқу бастамасы біздерге болмыс бастауларын білу құралы болып табылады, ал олардан шығарылатын қорытындылар - ғылыми пәндерді игерудің бастамасы мен құралы” деген ғұламаның анықтамасы қазіргі педагогикадағы “білім беру – оқыту нәтижесі, тура мағынасында ол оқып-үйренілетін пән туралы алғашқы түсініктің, ұғымның қалыптасуын білдіреді” деген анықтамамен өзара байланыс табады.

Сонымен бірге қазіргі педагогикада білім беру деп табиғат пен қоғам жайында ғылымда жинақталған білім, білік, дағды жүйесін жеке тұлғаның меңгеруін және оны өмірде тиімді етіп қолдана білуін айтады. Осы анықтамамен өзара тікелей мағыналас ғұламаның педагогика философиясы жайында айтқан ой-пікірі бар: “Көркемдіктің екі түрі, атап айтқанда, тек білім мен білім әрекет ететін болғандықтан, философия өнері де екі түрге бөлінеді: мұның бір түрі арқылы дүниеде бар заттарды, адам әрекеті дарымайтын заттарды танып, ол туралы білім аламыз. Бұл теориялық философия деп аталады. Екінші түрі арқылы адам әрекеті даритын заттарды, осындай қасиеті бар заттарды танып, сол туралы білім аламыз. Тамаша көркемдікті жасау қабілеті, атап айтқанда, дәл осы екіншісінде болады. Бұл өзі практикалық және азаматтық философия деп аталады”.

Қазақстан қоғамында болған өзгерістерге байланысты педагогика ғылымы: социалистік, коммунистік, демократиялық, гуманистік сипатта дамып отырды.

Қазақстандағы педагогикалық ойлардың дамуы ұлы ойшылдар (Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ж. Аймауытов және т.б.). Бұл ойшылдардың еңбектері мен ойлары олардың беделі сияқты әртүрлі тарихи кезеңдерде қазақ халқын оқыту мен тәрбиелеуде қозғаушы күшке тең болды.

20-30ж.ж. қазақтың ағартушы педагогтарының ішінен А.Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев және т.б. айтуға болады. Олар отандық педагогика мен мектептегі оқытудың дамуына тарихи-мәдени мұра мен қазақ халқының салт-дәстүрлері тұрғысынан көп үлестерін қосты. Білім беруді қолдау негізінде олар мынадай оқу пәндерін қойған, олар: ана тілі және әдебиеті, тарих, география, Қазақстанның өсімдіктер мен жануарлар әлемі, Қазақтың дәстүрлі шаруашылық іс-әрекет түрлері негізіндегі еңбек тәрбиесі, бейнелеу өнері, ұлттық ойындар және т.б. Бірақ қазақ ағартушыларының демократиялық ойлары сол кездердегі мемлекеттік партия ұйымдарының саяси идеологиялық үкіміне қарсы тұра алмады.

Қазақстанда соғыстан кейінгі жылдары педагогика теориясы мен тарихы, жеке әдістеме мәселелері зерттеле бастады. Бұл жылдары А. С. Ситдыковтың «Б. Алтынсаринның ағартушылық іс-әрекеттері мен педагогикалық ойлары» (1949) атты монографиясы, Р. Г. Лембергтің «Бастауыш мектептегі сабақ» (1948) атты ғылыми жұмысы жарық көрді.

50-60 жылдардың екінші жартысында педагогика теориясы мен тәжірибесінде жаңа құбылыстар пайда болды. Бұл жылдары Қазақстанда тарихи-педагогикалық зерттеулердің қарқынды өсуі байқалады. Көрнекті ғалым-профессорлардың Т. Т. Тажібаевтың «ХІХ ғ. екінші жартысындағы Қазақстандағы ағартушылық пен педагогикалық ойлардың дамуы» (1958), «ХІХғ. екінші жартысындағы Қазақстан мектептері және ағартушылық»(1962), «ХІХғ. екінші жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ойлар»; А.И.Сембаевтың «Қазақстандағы кеңес мектептерінің тарихы туралы очерктері» (1958), «Қазақстандағы кеңестік мектептердің даму тарихы» (1962); К.Б.Бержановтың «Ағартушылықтың дамуындағы орыс-қазақ достастығы» (1965) еңбектерін айтуға болады. Бұл жылдары тарихи-педагогикалық ғылымның іргетасы қаланды деуге болады.

70-80 жылдары тарихи-педагогикалық жұмыстардың басылымы көбейді. Осылай қазақстандық педагог Б.Алтынсаринның 3 томдық шығармалар жинағы жарық көрді (1975-1978); К.Б.Жарықбаевтың «Қазақстандағы психологиялық ойлардың дамуы» (1968), «Революцияға дейінгі Қазақстан педагогикалық ойларының даму тарихынан» (1978), Г. М. Храпченковтың «Қазақстандағы халықтық білім берудің ғылыми-педагогикалық сұрақтары» (1976), «Қазақстан мектептерінде оқыту мазмұны мен әдістерінің мәселесі»(1983) және т.б. еңбектері де жарық көрді.

Педагогиканың арнайы мәселелеріне арналған К. Ж. Жаманбаевтың «Қазақстандағы жоғары мектеп» (1972), К. Қ. Құнантаеваның «Қазақстандағы әйелдерге білім берудің дамуы. Білім шыңына жету» (1978), К. Т. Жұмағұловтың «Б. Алтынсарин және қазақ халық мәдениетінің дамуы» (1984), А. Көбесовтың «Әл-Фарабидің педагогикалық мұралары»(1989) және т.б. еңбектері басылып шықты.

80 жылдардың ортасынан бастау алған қазіргі заман педагогикалық білімінің дамуы «педагогикалық серіктестік» деп аталған жаңашыл педагогтардың инновациялық іс-әрекеттерімен сипатталады. Педагогикадағы бұл кезең оқытушы мен оқушылардың қарым-қатынасы саласындағы субъект-объект қатынасына субъект-субъект қатынасына ауысу, оқу-тәрбие үрдісін диалогтық формада диалогтыққа көшу т.б. белгілі. Бұл оқушының оқу іс-әрекетінің психологиясын, оқу үрдісінің механизмі мен технологиясын, «оқытушы-оқушы» жүйесінің тиімді құрылымдануына белсенді жағдай жасауды терең зерттеуді шамалады. Осы арқылы психологиялық-педагогикалық зерттеулердің негізгі бағыттары анықталды. Бұл жылдары дидактиканың әртүрлі бағыттарын зерттеу негізгі даму бағытына айналды.

Педагогиканы оқыту әдістемесі негізгі тұжырымдамалық идеяларды жүзеге асыруға және білім беру саласындағы қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Педагог өзінің кәсіби қызметінде оны пайдаланады. Әрбір педагогтың көп

жылғы практикасында оқытудың өзіндік тәжірибесі жинақталып және студенттермен қарым-қатынасының өзіндік стилі қалыптасады.

Қазіргі жоғары мектептегі дараландыру үдерісіне байланысты оқу жоспарлары мен бағдарламаларының құрылымында студенттердің өз бетімен жұмысының үлесі артуда.

Қарастырылып жатқан құбылыстың жоғары білім берудің ғылыми әдістемелік қамтылуының даму тенденциясын болжау үшін бірнеше салдары орын алады:

Біріншіден, өз бетімен жұмысты ұйымдастыру үшін «нәтижеге бағдарланған білім беру» моделі өзекті болады, себебі студенттердің тиімді аудиториядан тыс іс әрекетін педагогикалық қамту үшін оқытудың мақсаттары бірмәнді және диагностикалық болу қажет.

Екіншіден, сан түрлі білім беру нәтижелерін бара-бар бағалау мәселесі алдыңғы орынға шығады. Егер студенттік аудиториядағы жұмыс барысында оқытушы оқу бағдарламасының «іс-шаралық» сипатын меңгеру барысы туралы кейбір ақпаратты игерсе, онда оның өз бетімен жұмысын бағалау оңай болмайды.

Үшіншіден, оқу материалының мазмұның дараландырумен байланысты мәселелер ерекше өзектілікке ие болады, себебі әрбір студентте түрлі даярлық деңгейі болады, оқу іс әрекетінің стилі, меңгеру темпі және басқа да тұлғалық параметрлер түрліше болып келеді.

Қазіргі таңда педагогтар ғылымды игеруді өз бетінше дамыту, үйрету принципіне аса назар аударуда. Оқыту процесі кезінде алған білімдері негізінде жеке тұлғаның өз бетінше қызмет етіп, шешім шығара білу еркіндігі шығармашылыққа жол ашады, өз бастамаларын аяғына дейін қандай тосқауыл болса да, өз ұжымы арқылы жетістіктерге қол жеткізу мүмкіндігі туады. Бұл үшін ұлағатты ұстаздар, тәлімгерлер, жаңашыл педагогтар бастамасымен арнайы жүргізілген ұжымдық тәрбиелеу принципін негізгі ұстаным ретінде мақсат етіп қою керек. Қазіргі кәсіби педагогикада тәрбие принципінің негізгі бағыттары етіп мыналарды ұсынуға болады:

1 Тәрбиенің кәсіби бағытта жүргізілуі. Тәрбиенің барлық түрі, жүргізілетін іс-шаралар мазмұны жеке тұлғаның бойында болашақ кәсіп иесінің біліктілігі мен шеберлігін қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

2 Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаның бойында адамгершілік қасиеттерді жинақтау (адамдық, тәртіптілік, кеңпейілділік, жауапкершілік және т.б.).

3 Тәрбиені өмірмен және еңбекке байланыстыра беру принципі- оқушыны өмірге бейімдеу, шығармашылық қызметке дайындау сияқты негізгі міндетті қамтиды.

4 Жеке тұлғаны ұжым арқылы тәрбиелеу.

5 Оқушының жеке тұлғалық қасиетін бағалай отырып, оны талап ете білушілікке тәрбиелеу.

6 Оқушының бойындағы жағымды қасиеттеріне негіздеп тәрбиелеу.

7 Жас ерекшеліктері мен жеке қасиетерін есепке ала отырып тәрбиелеу.

8 Тәрбие жұмысының үйлесімді, тұрақты және жоспарлы түрде жүргізілуі.

Барлық педагогикаға тән мына қағиданы әрқашан есте ұстау керек: “Ұстаз-ешқашан ренжуге тиіс емес”. Егер ұстаз ренжіп, көңілі қалып, ашуланатын болса, ол өзін өзі ұстай алмай, басқара алмай қалуы мүмкін, оқушы ұжымы алдында дәрменсіз танылуы мүмкін.

Педагогика тарихы - адамзат тарихындағы педагогикалық идеялар мен мектептердің қалыптасуын зерттейтін ғылым. Сондықтан оның азаматтық тарихпен, этнографиямен, этнологиямен, археологиямен байланыстары табиғи нәрсе, өйткені педагогикалық ой қоғамның материалдық және рухани мәдениетті саласының бірлігі бағытында дамиды.

Педагогика білім беру, педагогикалық шындық туралы ғылым ретінде педагогикалық процестің дамуы мен қызмет етуінің заңдылықтарын зерттейді, теориялық білімдерді жинақтайды және жүйеге келтіреді, педагогикалық шындық тәжірибесін зерттейді, яғни практика үшін педагогикалық шындықты қайта құру үшін негіз жасайды. Сондықтан осы саладағы ғылыми зерттеулер практикалық бағытталған сипатта болады. Міне осыдан педагогиканың гуманитарлық білімдер (адамтану) жүйесімен байланысы басталады. Педагогика адам туралы ғылымдар жүйесіне кіргеніне қарамастан, ол педагогикалық мақсаттылық және тұлғаның қалыптасуына педагогикалық басшылықты зерттейтін бірден бір ғылыми пән.

Ізгілендіру Әл-Фарабидің педагогикалық идеясының негізгі өзегі болған, ғұлама білім берудің ізгілендіру принципіне негізделуі қажет екендігін өз уақытында ғылыми тұжырымдалған ой-пікірлерімен айқындап кеткен. Міне, бүгінгі таңда Әл-Фарабидің көрегендігі мен ғұламалығы дәлелденіп, мыңдаған жылдар өтсе де, жаңа білім беру парадигмасы ретінде ізгілендіру танылып отыр.

Ізгілендіру мәдениеттің объективті құбылысы бола отырып, жеке тұлғаны өз халқының рухани қазынасы, ұлттық мәдениеті, игі дәстүрлері негізінде рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптастыруды көздейді. Сондықтан бүгінгі таңда білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі міндет әрбір адамның өзін-өзі тануға, өзінің ұлттық мәртебесіне ие болуға және қайырымдылықпен адамшылықты бойына сіңірген маңызды тұлға болуына көмектесу болып табылады.

Жеке тұлғаны қалыптастыру ұғымын ғұлама Әл-Фараби былай анықтайды: “Жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелділікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады”.

Міне, осы айтылған мәселелер ұлы ойшыл Әл-Фарабидің педагогиканың негізгі ұғымдарын анықтауға алғаш талпыныс жасаған ғалым екендігін дәлелдейді. Мұның өзі Әл-Фарабидің педагогикалық идеяларын қазақ педагогика ғылымының қайнар көзі, бастау бұлағы ретінде қарауға толық негіз бар екендігін көрсетеді.

Қазіргі заман педагогикасы үлкен қарқындағы дамудағы ғылым. Сол дамуға байланысты өзгерістердің ізімен асығу қажеттігі пайда болып отыр. Педагогиканың іркіліс кешеуілдеуі адамдардың даму дағдарасына алып келеді, ғылыми-техникалық прогрестің шабандауына соқтырады. Сондықтан да, педагогика қалаған дерек көздерінен жаңа білімдерді теріп, жинақтап баруы қажет. Педагогиканың дамуына себепші көздер- адамдардың өмір салтында, дәстүрлерінде, халықтық педагогикада бекіген көп ғасырлық тәрбие тәжірибесі, іс-қызметтері: философиялық, қоғамтану, педагогикалық және психологиялық еңбектер; арнайы ұйымдастырылған педагогикалық зерттеу деректері; жаңа идеялар, жаңарған бағыт-бағдарлар, жылдам өзгерістерге келіп тұрған бүгінгі дүниедегі тәрбиенің тиімді соңы технологиялары.

Сонымен педагогика - тәрбие жөніндегі ғылым. Оның басты міндеті адам тәрбиесі жөніндегі ғылыми білімдерді жинақтау және жүйелестіру. Педагогика адамдарды тәрбиелеу, білім беру және оқыту заңдылықтарын ашып, соның негізінде алға қойған мақсаттарға жетудің ең пайдалы педагогикалық жолдары мен тәсілдерін көрсетіп отырады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Ә. Мұханбетжанова Педагогиканы оқыту әдістемесі. Оқулық. – Алматы: ЖШС РПИК «Дәуір», 2011ж. – 368 бет

2 Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі, - Алматы: Санат, 2002, - 176 б.

- 3 Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Қазақстан, 1980. – Б.10-39.
4 Өстеміров К. Кәсіби педагогика. – Алматы: “Радиал” баспасы, 2006, 240 бет.

ФОРМИРОВАНИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ ОТЗЫВЧИВОСТИ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ МУЗЫКИ.

Зелинская А.С.

Костанайский Государственный Педагогический Университет
им. У. Султангазина, г. Костанай

Научный руководитель: Задорожная С.Н.

Костанайский Государственный Педагогический Университет
им. У. Султангазина, г. Костанай

"Музыка и пение в школе не только учебный предмет, но и средство воспитания, которое должно эмоционально и эстетически окрасить всю душевную жизнь человека".

(В.А.Сухомлинский).

«Музыка — это стенография чувств» - так говорил известный русский писатель Л.Н. Толстой. И действительно, её называют языком чувств, моделью человеческих эмоций, т.к. воздействуя на человека, она, в первую очередь, обращается к его душе и внутреннему миру.

Говоря о внутреннем мире, нужно заметить, что в современном обществе порой ощущается недостаток культуры общения, не хватает внимания друг к другу, понимания и душевного отклика. О чем это говорит? О том, что подрастающее поколение эмоционально недостаточно развито. Всевозможные компьютерные игры, интернет, социальные сети заменили нам наслаждение от живого общения, совместное чтение книг вечерами, походы с друзьями в кино, театр и филармонию. И современный ребенок очень изменился, тревогу иногда вызывает замкнутость детей, неумение находить общий язык с окружающими их людьми, пугает равнодушие по отношению к близким людям и безразличие.

В формировании эмоциональной отзывчивости школьников музыкальное искусство и искусство вообще занимает важное место. При появлении у человека многочисленных чувств и эмоций (любви, счастья, радости, благодарности, негатива и т.д.) искусство оказывает большое воздействие на внутренний мир человека, его поведение в окружающем мире. Среди всех видов искусства, музыка, прежде всего, выделяется по силе ее эмоционального воздействия. Ее проникновенная эмоциональная связь с окружающим миром, человеческими отношениями, способность проникать в самые потаенные уголки души, умение передать разнообразную палитру эмоций и чувств позволяет считать музыкальное искусство эффективным средством в формировании эмоциональной сферы личности.

Актуальность проблемы развития эмоциональной сферы школьников обусловлена и современными требованиями образования, основанными на личностно-ориентированном развитии. Изучение музыки в школе как раз направлено на формирование основ музыкальной культуры посредством эмоционального восприятия музыки, воспитание эмоционально-ценностного отношения к искусству, развитие интереса к музыкальной деятельности, а также овладение практическими умениями и навыками в учебно-творческой деятельности (пение, слушание музыки, игра на